

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 наурыздағы N 169 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 сәуірдегі N 251 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің әскери-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі мемлекетаралық комиссияның қазақстандық бөлігі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 наурыздағы N 169 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің әскери-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі мемлекетаралық комиссияның қазақстандық бөлігінің құрамына мыналар енгізілсін:

Баталов - Қазақстан Республикасының Индустрия және
Асқар Болатұлы сауда вице-министрі, тең төраға

Тәшімов - Қазақстан Республикасы Индустрия және
Өміржан Рахатұлы сауда министрлігі Өнеркәсіп және ғылыми-
техникалық дамыту комитетінің қорғаныс
өнеркәсібі, экспорттық бақылау және
лицензиялау басқармасы қорғаныс
өнеркәсібі бөлімінің бастығы, жауапты

хатшы

көрсетілген құрамнан Смағұлов Болат Советұлы және Назарбаев Ерболат Жарқынбайұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е м ь е р - М и н и с т р і*